

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округі
Боровское селосының құраушы бөліктеріне атау беру туралы**

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округі әкімінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі N 21 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 мамырда N 2280 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округі әкімінің 2013 жылғы 22 мамырдағы N 32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округі әкімінің 22.05.2013 N 32 шешімімен

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес және Боровское селосының тұрғындарының пікірлерін есепке ала отыра, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округі Боровское селосының құраушы бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Селолық округінің әкімі

Б. Еңсегенов

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Қызылжар аудандық құрылыс бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы* *И. Нұрғалиев*

*«Қызылжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы* *С. Алдаева*

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Петерфельд селолық округі әкімінің
2013 жылғы 10 сәуірдегі № 21
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд селолық округі Боровское селосының құраушы бөліктерінің атауы

Бірінші көше - Садовая көшесі;

Екінші көше - Парковая көшесі;

Үшінші көше - Лесная көшесі;

Бірінші тұйық көше - 1-ші тұйық көше;

Екінші тұйық көше - 2-ші тұйық көше;

Үшінші тұйық көше - 3-ші тұйық көше.